

* * *

This article considers the addressee image and treatment figure as a structural component of poetic language and forms of their manifestation in lyrics of kazakh poet B. Kairbekov as well. Varieties of target given by pronouns 'you (ты)' and 'you (вы)' which create such semantic blocks like love, friendship, city, etc. Diversity of recipients (home town, target

subject and generalized, target – the beloved and the real target from poets surrounding, auto communicative target and others) demonstrate not only aesthetics of twoness and prevalence of dialogism, but also figurative richness of poets lyrics. The contamination of journalistic genre and lyrical intonation in poems are also connected with image of target.

Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» повесіндегі психологиялық параллелизм

Қ. Тұнғатаров

өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың магистранты, Алматы, Қазақстан

Аннотация. Танымал жазушы Мұхтар Әуезовтің шығармалары тұтасымен тұнған психологизм. Адамдар арасындағы сан қилы тартысты асқан шеберлікпен тамаша суреттей біледі. Жазушы өз шығармаларында ең басты орынға адам тағдырын қоя отырып, оның ішкі жан сарайын көркемдік әдістермен өте әсерлі етіп бейнелейді. Бұл мақалада жазушының «Көксерек» повесіндегі қасқырды адам өмірімен ұштастырып, психологиялық параллелизмді жаңаша қырынан қолданғаны кеңінен зерттеледі.

Абай Құнанбайұлының «Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті, Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, және хақ жолы осы деп әділетті», - деген ұлағатты сөзіндей Әуезов шығармашылығының да өзекті мәселесі – Адам. Адам - Әлем әдебиетінде, философияда, дінде, халық дүниетанымында ғалам жаратылысының мақсатты себебі, тылсым сыры.

Әуезов өз шығармаларында көркемдік шығармадағы батыстық әдістерге жүгіне отырып, қазақ жазба әдебиетінің төңкерістен кейінгі жаңа кезеңіне тыңнан түрен салушылардың бірі. Батыс әдеби дәстүрінің озық үлгілерін қазақ топырағына әкелді, замана талабына сай қазақ қоғамындағы адамдардың образын сомдады. Яғни, Адам орталық мәселе екендігін анық біле тұра, бұл мәселені замандастар талғамына сай, қоғамның қасаң заңдарына қайшылыққа келмейтіндей жеткізе білу жазушы шеберлігінің, ізденісінің сыры. Әуезов шығармасындағы кейіпкерлері қазақтың дәстүрлі көшпелі қоғамының өкілі және жаңа заман көшіне ілесу талпынысындағы адам.

«Еңлік-Кебек» пен «Қорғансыздың күнінде» болсын немесе жиырмасыншы жылдары жазған басқа шығармаларда болсын, жас автордың күшті жағы да, осал жағы да бірдей бой көрсетіп отырған. Күшті жағы қайсы еді? Ауыл өмірін, ауылдағы тұрмыс, әдет-ғұрыпты жақсы білетіндігі, халықтың тілі мен әдебиетіне жетіктігі, туған жерді, кең даланы шексіз сүйетіндігі, сонымен бірге әділетсіздікке, озбырлыққа,

надандыққа жаны төзбейтін сыншылдығы» [1, 13 б.], - деп жазады М.Қаратаев.

Шынында да жазушы шеберлігінің сыры оның халқына деген сүйіспеншілігінде екендігін аңғарамыз. Жазушы шығармаларындағы көркем сөздер адамның сезім пернелерін дәл тауып, шыншыл да айқын көріністерді бейнелеп, адам қиялын самғау қияға шарлатып шалқытады. Осындай асқан шеберлік пен суреттеуден туындаған, жануарлар тірлігін бейнелейтін әйгілі шығармасы – «Көксерек».

«Көксерек» повесі жөнінде зерттеуші ғалым Р.Нұрғалиев былай деп пікірін білдірген: «Әуезовтің «Көксерекі» - реалистік әдебиет дәстүрі тудырған мотивтерді, шеберлік палитрасындағы сан алуан бояулар мүмкіндігін өз мұратына орай өнерпаздықпен жаңғырту арқылы жазылған жаңа тынысты шығарма. Автор шағын көлемге мол мағына сыйдырған. Бейнелеп отырған болмыстың қыр-сырларын бажайлай таныған суреткер зады ежіктеуден, мыжыма тәптіштеуден бойын аулақ салып, жинақылыққа, тамшы арқылы көл суретін, тас арқылы тау кеспірін елестетуді эстетикалық мұрат тұтқан. Бұл образ табиғатына сандық белгіден гөрі сапалық ерекшелік хас екендігін айқындап, әсемдіктің гармонияға, симметрияға, тұтастыққа кіндіктестігін тағы да тиянақтай түседі» [2, 221 б.], - дейді.

Шындығында да шығарманың көп ізденгендіктің жемісі екендігі көрініп тұр. Шығармада қысқа болса да, тұтастай бір өмір қамтылған.

Жазушының оқырман жүрегіне жол тапқан сүбелі шығармасы ертеректе қоғамдық саяси ой пікірге жат шығарма деп табылса, бүгінде классикалық шығарманың үлгісі ретінде көпшілік тамсана қарайды. Осы шығармаға не себепті «қасқыр» бейнесі өзек болды?

Қасқыр қазақ тұрмыс-тіршілігінің, малшы қауымының өміріндегі ажырамас бір бөлшегі, аңдыған жауы.

«Қасқыр» тотемі көшпенді түріктердің ежелгі наным-сенімінде айрықша орны бар. Мәселен, қасқырды, оны киелі аң санап, «ит-күс» деп атауы, өз атымен атамау осы киелі аң санаған наным-сенімнің сарқыны екенін көпшілікке белгілі. Қасқыр турасында арғы ата-бабаларымыздың келе жатқан мақал-мәтелдері бар. «Бөлінгенді бөрі алар», «Бөрі арығын білдірмес», «Иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар», «Қанша асырасаң да, бөрінің бөлтірігі орманға қарап ұлиды», «Қасқыр да қастық қылмас жолдасына» т.б.

Қасқыр оқырман көкейіне жол табар бейнелі образдың бірі. Әрине, Әуезовке Джек Лондонның тигізген әсерін жоққа шығаруға болмайды. Бірақ «кейіпкер» ретінде қасқырды таңдап алудың негізгі себебін қазақ халқының өзінің тұрмыс-тіршілігінен іздеген абзал. Қасқыр бейнесінің халық көкейіндегі әуелден бар қалың бояулы суретін тың әдіспен жан бітіре айтуды көздегені, қасқыр бейнесі арқылы адам жанының тылсым тереңіне үңілуді мақсат еткені хақ. Жоғарыда айтылған мақалдардың бәрінде тілге қасқыр алынғанымен, адам психологияның сипаттары, мінез-құлықтары меңзелген. «Ер азығы мен бөрі азығы жолда» деген мәтелде дала сырттаны мен жорықтағы ердің тәуекелі психологизм параллелизм деңгейінде беріледі. «Иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар» деген мәтел де осы сарындас.

Иман – қой, ақыл – қойшы, нәпсі – бөрі,

Бөріге қой алдырмас ердің ері,

Таяқты қатты ұстап қойшы тұрса,

Жоламас ешбір пәле шайтан-пері [3,136 б.],

- деп Шал ақын жырлағанда, адамның жандүниесін ашып көрсеткен. Бөрі образы нәпсінің қорқаулығы мен зұлымдығын бейнелейді. Иманды қойға теңейді. Иман – адам рухының мәні.

Меңзеу әдісі – халықтық қайнардан бастау алып жатыр. «Қасқыр» бейнесі адамның нәпсісі мен хайуандық, жыртқыштық болмысын меңзейді. Қасқырдың шығарма кейіпкері ретіндегі реалистік бейнеленуі, образының ашылуы автордың қазақ әдебиетіндегі тың жаңалығы,

батыс дәстүрінен алған үлгісі. Қасқырдың ішкі психологиялық жай-күйін, реалистікпен суреттеу адамның нәпсілік табиғатын ишаралап, мейлінше ашуға мүмкіндік береді. Табиғат адамның қатігездігін кешпейді. Құрмаш трагедиясы осының бір мысалы. Тұтас шығарма бір адамның бойындағы рухани және нәпсілік қасиеттер қайшылығын меңзеді десек – шығарманың нәпсі жеңісімен аяқталуы, адам өмірінің имансыздыққа ұласқан трагедиясын меңзейді, яғни шығармадағы жыртқыш – нәпсінің баламасы, ал сәби – таза рухтың баламасы деп қарасақ, жазушы нәпсі жүгенсіздігінің соқтырар орны толмас трагедиясын ишаралағандай.

М.Әуезов шығармаларында пейзаж бен кейіпкер бейнесін байланыстыра суреттеудің шебері. Жазушының табиғат пен адам қарым-қатынасын философиялық тұрғыдан қарастыратын шығармасы «Көксерекке» кеңінен тоқталайық. Жануардың ішкі жан-дүниесі арқылы, адамға деген көзқарасын, түсінігін беретін шығармаларының бірі болып табылатын туындысы осы «Көксерек». «Көксерек» повесі жөнінде өз пікірін білдіруші, зерттеуші, ғалым Ш.Ахметов былай дейді:

«Мұқаңның хайуанаттар жайында жазылған аңшылар әңгімесі, әсіресе жасөспірімдердің аса сүйіп оқитын шығармаларының тобына жатады. Мұқаң, өзінің аса шебер жазылған атақты «Көксерек» әңгімесінде, алдымен, әр алуан жыртқыш азулы аңдардың мекен ететін жерлерін суреттеуден бастайды. Оның себебі әртүрлі хайуанаттар мекен ететін жерлерді суреттеу – сол жыртқыш аңдардың неге сондай жерлерде болатын себептерін ашып беруге жәрдем етеді. Екіншіден, сол аңдардың сыр-сипаты мен мінез өзгешеліктері де, сол мекен ететін жеріне және олардың немен қоректенуіне байланысты ашылады. Осыған орай жазушының аңдар психологиясын ашып беруге де зор күш салғаны айқындалады» [4, 263 б.] - дейді.

Шындығында да жануарлардың мекен ету орнын, мінез-құлқын, сонымен қатар хайуанға сезім, ақыл-ой бере отырып, көркем сөз арқылы суреттеу жазушының асқан шеберлігінің дәлелі.

«Қараадырдың қарағанды сайы елсіз. Айналада қат-қабат шұбар адырлар. Жақын төбелердің барлығын аласа бозқараған, тобылғы басқан.

Ұзын кең өлкені қаптай басқан қарағанның ортасында терең, күз жар бар. Соның бас жағында итмұрынды қалың жыныстың арасында

қасқыр іні бар. Жазғы салымнан бері соны екі қасқыр келіп мекен етті» [5, 7 б.], - деп жазушы шығармасын жыртқыш, азулы аңдардың мекен ететін жерлерін суреттеуден бастаған. Композиция мен сюжетті оқиғадан оқиға тудырып, тез өзгеріп отырады. Мұның өзі оқиғаның одан әрі дами түсуіне себепкер болады.

Одан әрі оқиға желісі өрби түседі. Көкшолақтың ақ қасқырға әкелген қозысының желінуі айтылады. «Қозы екі қомағай ауыздың кергісінде қан жоса болып, дар-дар айырылды. Сырт-сырт етіп жас сүйек сынды. Қапаш-құпаш қорқ-қорқ етіп қомағай қанды ауыздар асайды. Тұмсығы мен бастары, мойын жүндері қып-қызыл болған қасқырдың жасыл көздері от шашады» [5, 8 б.]. Енді бұл жерде оқиғадан оқиғаның тууын байқаймыз. Осы от шашқан көздерін суреттеу арқылы қасқырдың өзіне тән тағылығын, жыртқыштығын жазушы бізге ескерткендей сезінеміз. Әрі қарай психологиялық сипаттама берілген. «Ін үстінде мүйіз тұяқтар тасырлап, көргіш көздер ін аузына қарайды» [5, 8 б.], - деп қасқырлардың түйсігі арқылы берілген көріністі көреміз.

Екі аяқтылар қасқырдың 5 күшігін көзіне қарап тұрып, өлтіріп, біреуінің тірсегін қиып, ең кенжесін алып кетеді. Бұл оқиға қасқырлардың ызасын келтіріп, маңайдағы ауылдың қойларын жаралап, құлындарының желінуіне әкеп соқты. Бұл жерде адамдардың табиғатқа жасаған зұлымдығына жыртқыштардың берген тағылық жауабын көреміз. Жазушы шығармада адам, қасқыр және қоршаған ортаны байланыстыра суреттейді.

Ауылға алып қайтқан көк күшікті кішкене Құрмаш асырап, Көксерек деп ат қояды. Көксерек ауыл иттерінен, балалардан қорлық көріп өседі. Бұл жерде Көксеректің бөтен орынды жатсынғанын, өзінің табиғи ортасындай сезінбегендігін жазушы айта кеткен.

Ауыл иттері де Көксеректің түз тағысы екендігін сезгендей. Ауыл адамдарының арасында да Көксерек жайында әңгімелер тарай бастайды. Көксеректің қолға үйренбеуі Құрмаш түгіл, үлкен кісілердің өздеріне күдік тудырған.

«Ұры. Асырасаң да мал болмайды. Тұқымы жау емес пе!», - деп, қасқырдың қорқаулығын ұққан ауыл адамдарының сөздерінен біз дала жыртқышы психологиясының үй жануары иттен өзгешелігін көреміз. Жетім, тасбауыр Көксеректе адамды жақсы көру сезімі аз. Құрмаш тамақ беру үшін шақырғанда ғана келеді. Оның өзінде де адамды жақын тарту жоқ, көңілін аулау, еркелеу деген сезімнен жұрдай. Ал,

иттердің олардан артық қасиеті көп. оларға өзінің иелеріне қызмет ету, еркелеу, көңілін аулау деген қасиеттер тән. Даму, өмір сүру салтына байланысты әрбір жан иесінің өзінің тіршілік ету ортасы бар. Соған сай табиғи жағынан жетіле алады. Мысалы, Көксеректің қолда болғанда, «әлі күнге бір рет жадырап ойнап көрген емес, татулық жоқ, суық. Жалғыз-ақ атын біледі. Құрмаш пен әжесі шақырса келеді. Онда да жүгіріп келмей, құрығын сөлектетіп, бүкендеп қана келеді. Бұны да ашыққан уақытында істейді. Әйтпесе көбінесе анадай жерде қырыстанып, көзінің астымен жалт-жұлт қарап жатып алады. Өскен сайын сызданып, суықтанып келеді», - деген әдеттерін жазушы айта кеткен. Ал, үйіріне қосылғанда жадырап, секіріп, ойнап кеткені, сонымен бірге тез қонданып, секіріп күш алғаны айтылады. Бөлтіріктің өсуін бейнелегенде, автор натуралистік, зоологиялық өзгерістерді жіпке тізіп жатпай, мінез ерекшеліктеріне, сыртқы ықпал әсерінен болған жәйттерге назар аударады. Көксеректің үлкен иттерден, ауыл адамдарынан көрген қорлығы ішінде шемен болып қатып, жалғыз Құрмаш қамқорлығы жүректегі мұзды жібіте алмаған. Қойға шапқан қасқырлардың соңынан еріп, елден жырақ кетуі табиғатына жат қылық емес еді. Тобынан бөлініп, адасып, тепкіден бетер еріксіздік торына түскен қырдың дүлей перзентінің бостандыққа ұмтылуы, ата-тегі жортқан иен далаға кетуі, ұяластарын іздеуі жаратылыс заңы еді. Бірақ тұқымы бір туыстас болғанымен, өзге ортада өскен Көксеректі қасқырлар оп-оңай тобына қосып алмады. Қасқыр өз ұяластарымен бірге баулынып, ауызданбағандықтан да тамақ тауып жей алмады. Тоқ күніндегі азаттыққа күштарлығын ұмытып, тойған жеріне ашыққасын, қайта оралды. Жыртқыштығымен қатар қорқаулығы осыдан көрінердей. Осы қорқаулық қарны тойып, күші толғасын, нағыз қатігез жыртқыштыққа ауысады. Ауылға жоғалып кетіп қайта оралғандағы сұрын жазушы ашып көрсетпесе де, шығарманың мына бір жерінен түсінуге болады: «Бұл келгенде Көксерек екі бүйірі салып ашыққан. Өзінің үсті-басы батпақ болып сыбағысқан, сабалақ пішінмен келді», - деп қысқаша тоқталған. Одан кейін «қайта тұрып қалды. Тағы да бұрынғысынан да күйленіп, семіріп, өсе бастады. Бұл оның соңғы күйленуі, шынымен үлкен қасқыр болып ұлғаюының белгісі еді. Сонысын сезгендей, күздің бір дауылды күні Көксерек тағы жоқ болып шықты. Бұл жоғалысы шын болды. Енді қайтіп

оралмастай болып кетті. сол көк қасқыр саршұнақ пен қоянның көжегі сияқтыны азық қылып өлместей болып алды, қысқа да жеткен еді», - деп жазушы қасқырдың адамдар арасынан бөлініп кеткендігін айта келіп, оқырманды енді не болар екен дегендей қызығушылығын арттыра түскен сәтін көреміз.

Көксеректің алғашқы екі серігі Аққасқыр болса, алғашқы құрбандығы Алатөбете. Кішкенеінде азу салып, тіс батырған Алатөбетті ұмытпай, алғашқы кегін қайтарады. Көксеректің үйіріне қосылғанын, кейінгі өсу процесін, көңіл-күйін де жазушы шығармадан тыс қалдырмаған.

Шығармада адам мен табиғат өкілі ретінде алынып отырған түз тағысының арасындағы қайшылық кеңінен суреттеледі. Бұл күрес соңында үлкен трагедияға – күнәсіз сәбидің өліміне алып келеді. Көксеректің бұл қылығы – адамның өзіне жасаған қиянатына, зұлымдығына деген жауабы тәрізді. Көксеректің адамға деген ыза-кегі, ашуы бір-біріне қосыла келіп, ақыры күнәсіз сәбидің өліміне себеп болады.

Адамзат түз тағысына осынша қиянат жасамай, жанашырлық көрсетіп, өздерін дер кезінде тоқтатқанда, мұндай қайғығ ұшырамас па еді? Қасқыр түз тағысы болғанмен де, ол да тіршілік иесі. Адам қалай қайғырып киналса, онда да сондай сезім бар екендігі шығармада айқын көрінеді. Көксеректің бұл қылығын жазушы мәжбүрліктен туған қадам ретінде көрсетеді. Басқаша болуы да мүмкін емес сияқты. Көксеректің бұл ісі жөнінде профессор Р.Нұрғалиев былай дейді: «Психологиялық жағынан ол қандай қылыққа басса да, сенімді қойға шаба ма, жылқы жара ма, бәрібір. Оңдырмасы анық. Көзін ашар-ашпастан иттерден көрген қорлығы, еріксіздік, Аққасқырдай серігінен айрылу, суық, қатігез даладағы кезбе тірлік, жанын көзіне көрсеткен у қорғасын – осының бәрі жиылып кепі, бұған ата-бабалар қанымен берілген қаныпезерлік қосылғанда, Көксеректің қойшы балаға шаппауы қолдан жасалған қадам болар еді» [3, 223 б.], - дейді.

Осы ойды филология ғылымдарының кандидаты С.Айтуғанова да құптағандай былай дейді: «Бұл пікірмен келісе отырып, бір жақты ғана қарауға болмайды деп ойлаймыз. Екінші жағынан, қанша жақсылық жасап, мәпелегенмен, жыртқыштың аты - жыртқыш. Әрбір тіршілік иесінің өз қалыптасқан тұрмыс-тіршілігі бар. Бұл жерде Көксерек те өз болмысына салып, озбырлыққа, зұлымдыққа барады» [4, 15 б.], - дейді.

Бұл жерде жазушы «бәрі бәрілігін істемей тынбайды» деген ойды айтқысы келгендей.

«Үстіне гүрілдеп қасқыр төніп келгенде, көзі бір ашылып, бір жұмылды. Басына таман арандай ашылып келе жатқан ауыздың жоғарғы жағында өзіне таныс құлақ көрінді. Сол жақтағы тілік құлақтың жартысы салпылдап тұр. Ақырғы сезген-білгені – сол... Содан әрі баланың үні өшті. Қасқырдың аузы тиместен бұрын өліп кетті», - деп жазушы трагедиялық көріністі үлкен шеберлік үлгісін танытып суреттейді.

Қасқыр «Көксерек» өзінің табиғи болмысын өзгерте алмай, Құрмаш адамдар жіберген қателіктің құрбаны болды. «Ит тойса атасын танымас» деген осы да деп еріксіз қынжыламыз. Әйтпесе күні кеше ғана Құрмаш күшік күнінен оны бауырына салып, сырт көзден қызғыштай қорып бақты емес пе? Дегенмен де, жалғыз сәби Құрмаштың Көксерекке жасаған қамқорлығының аз болғаны шығар.

Сонымен қатар жазушының Құрмашты «қасқыр аузы тиметкен өліп кетті», - деп айтуында да үлкен бір мәнді сыр жатқандай. Ол сыр – Құрмаштың пәк, таза, ештеңеден бейхабар күйінде, Көксеректің өзіне жасаған қиянатын көрместен бұрын көз жұмды деген оқырманға айтар ойы еді деп түсінеміз.

Трагедияның шиеленіс шыңы сәбидің жан беруі болса, оның пәк жанын берер сәтін жыртқыштың азулы арам аузына қимайтындай. Рух арамдықтан шошып, жиренгендей жыртқыш аузы батпастан бұрын бақилық болады. Ал, қасқыр болса, азуын жансыз денеге басады. Қанша ыза-кекпен булығып келсе де, бір қарпудан арыға бата алмайды. Қолайы келгенді тартып кетугі жей алмаса да, тамақтап қыру қасқырдың ежелгі әдеті.

Жазушы шығарманы Құрмаштың өлімімен де аяқтаса болғандай еді, бірақ жазушы жыртқыш, көкжал бәрі Көксеректің қолға түсіп, адам қолынан өлуімен аяқтайды. Себебі, қандай жауыздық болса да, оның жауабы бар дегендей оймен шығарманы аяқтайды.

-«Қуарған-ай, неңді алып ем? Не жазып едім? Бауырына салып өсіргеннен басқа не қып еді менің құлыным?» - деп елді тегіс еңіретіп, Көксеректі басқа тепті», - деген шығарманың соңғы сөйлемінде жазушы адам қолынан өсіп, адамға қиянат етіп, сол адам қолынан өзі өлімін тапты деген ойын айтады. Адамның – хайуандық табиғаты жерге, періштелігі көкке тартқандай, жыртқыш пен адам арасында бітіспес жаулық барын байқаймыз. Сонымен қатар шығармада жануарлардың ішкі жан дүниесі, күй-

зелісі, психологиясы, өмірге, айналасында болып жатқан құбылыстарға, адамға, олардың іс-әрекеттеріне деген ойы, түсінігі жан-жақты қамтылып, шебер суреттелген.

«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» - деп ғұлама Абай айтқандай, Аманат рух иесі – Адам. Рухтың балама ишарасы – Құрмаш сәби. Өсуден басқа қайғысы жоқ нәпсінің баламасы – Көксерек. Көксерек табиғаты тек ішіп-жеумен, қанқұмар, қызылқұмар, сұғанақтылықпен айқындалады. Орманға қарап ұлитын тұз тағысы жайлы көпшілік білмейді де емес, сонда да қасқырдың қасқырлығына тамсану мен енжар ескертуден аспайды. Нәпсі қанша қамқорлыққа мұқтаж болса да, рухтың қазасына себепкер болмауы үшін уыстан шықпауы керек еді. Құрмаштың қазасына себепкер деп, бір реттен үлкендерді де кінәлауға болады. Өйткені олар табиғаттың бұлжымас заңдары барын білсе де, табиғат заңдарын бұзуға қатаңдығы жетеді. Бірақ ауыл баласының кішкентайынан төл мен күшікті аялаған, сол мейіріміне сай жануардан иесіне адалдықты ғана күткен шалалықпен қасқыр күшігін қойнына салуына тыйым салар ақылды қаталдық ешкімнен табылмайды, енжар ескертуден аспайды. Адамның қойнына жылан салып жылытып, жау тапқанындай-ақ, қой-қотанға араласып тәрбиеленген Көксерек үйренген жаудан қорықпастай, аңдыған жауының әлсіз қапысын әбден біледі. Қораға үрерден қорықпайтын, аяусыз, қанды ауыз сойқан еді.

«Көксерек» повесі жайында профессор Б.Майтанов былай дейді: «Ұлы жанды Мұхтар Әуезов, отыздың о жақ, бер жағында көктен түскендей ғажайып талант жалынан жалтармай ұстаған бақытты суреткер, зөредей әнтек әрекетке бармайды. Қасқырдың да, иттің де, адамның да ішкі дүниесін ақтарып – сапыру жоқ. Шынайылыққа кірбің келтіретін шақтарға есік

жабық. Алайда әңгімеде шектеулі мөлшерге сыймайтын әр тарапты психология заңдылықтары үнсіз сөйлеп тұрғандай. «Көксеректі» әлем әдебиетінің антологиясына кіргізетін, қамырдан қыл тартқандай қалам күдіреті, шеберлік осындай-ақ болар!» [6, 143 б.], - дейді. Осы пікірді қостай отырып, ұлы қаламгердің талантына бас иеміз.

Әдебиеттер:

1. Қаратаев М., М.Әуезов. - Алматы: Жазушы, 1967.
2. Нұрғалиев Р. Әуезов және Алаш. - Алматы: Санат, 1997.
3. Шал ақын. Бес ғасыр жырлайды. I т. - Алматы: Жазушы, 1989.
4. Айтуғанова С. Адам және табиғат концепциясы шағын прозада. Канд. дис. - Алматы, 2000.
5. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. II т. - Алматы: Жазушы, 1979.
6. Майтанов Б. Қасқыр және әлем заңдылығы // Жұлдыз. - № 1. - 2001.

Произведения известного писателя Мухтара Аuezова полностью построены на психологизме. Писатель с мастерством описывает различные конфликты между людьми. В своих произведениях он рассматривает человеческие судьбы и с помощью творческих методов раскрывает внутренний мир героя. Предметом исследования стала повесть «Коксерек», в которой писатель использовал психологический параллелизм, сопоставляя жизнь волка с жизнью человека.

Works of the famous writer Mukhtar name Auezov is composed entirely of psychologism. Many conflicts between people writer describes with skill. He primarily in their works with human destiny, using creative methods to deeply describes the inner world of the hero. This article explores how writer in its story "Kokserek" used psychological concurrency with new by comparing, matching Wolf with human life.